

БОСАНУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢНІҢ ФИЗИОЛОГИЯСЫ

Орындаған: Тургумбай Алия
Абдужалалов Алмас
Набиева Дидар

Топ: ЖМ17 21-02

Тексерген: Садуакасова Ш.М.

БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ НЕМЕСЕ ПУЭРПЕРАЛЬДІ КЕЗЕҢ

Босанғаннан кейінгі немесе пуэрперальді кезең- жүктілік және босану кезеңдерінде өзгерістерге ұшыраған мүшелер мен жүйелердің инволюциясы. Тек бұл кезде сүт бездерінің және гормональді жүйенің қызметі арта бастайды. Бұл кезеңнің ұзақтығы - 6-8 апта.



БОСАНҒАННАН ӘЙЕЛ ОРГАНИЗМІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

ОЖЖ жағдайы
және
горманалды
статус

Жыныс
мүшелері және
сүт бездері

Жүрек-қан
тамыр жүйесі

Зәр шығару
жүйесі

Асқорыту
жүйесі

ОЖЖ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ГОРМАНАЛДЫ СТАТУС

Бас миы қыртысы

Жүктілік кезіне тән жүктілік доминантасының орнына ананың ОЖЖ-де аналық инстинкке тән сезімдер пайда болады. бас ми қыртысында қозу басым болады, ол психикалық лабильділігімен қосарланады.

Эндокрин жүйесі

Плацентарлы гормон деңгейі күрт төмендейді, гипоталамо-гипофизарлы жүйе қызметі қалыптасады. Лактацияның басталуы үшін эстроген, прогестерон, пролактин, кейіннен - пролактин мен окситоциннің маңызды зор.

Босану мен овуляторлы

цикл

Босану мен овуляторлы циклдің қалыптасу мерзімінің арасындағы интервал шамамен сәбиді емізбейтін әйелдерде 50 күнді, ал сәбиді емізетін әйелдерде 100 күннен астам уақытты құрайды.

ЖАТЫР ДЕНЕСІ ӨЗГЕРІСТЕРІ

- Босану аяқталысымен жатыр денесі тез жиырылады. Босанудан кейінгі 14 тәулік бойы жатыр пішіні шар тәрізді болады, оның түбі шаттан 15-18 см жоғары тұрады.
- Жатырдың қалыңдығы түбінде айқын болып, жатыр мойнына қарап аздап жұқарады.
- Жатыр қуысында аздаған қан болады. жатыр мойны қолдың 2-3 саусағын өткізеді.
- Жатыр қабырғасы іш жағына қыртысты, плацентарлық аймақ тамырлар облысындағы тромбтарымен бірге бұдырлы жарақаттық беткей түрінде болады.
- Жатырдың басқа аймақтарында децидуальды қабықша мен бездердің қалдықтары болады, олар кейіннен эндометрийдің жазылуына әсер етеді.

- Жатырдың жалғамалық аппараты босанудан кейін созылған болады, сондықтан ол оңай ығысады.
- Қалған қанды сығып шығаруға тырысу кезінде жатырды кіші жамбас қуысына оңай ығыстыруға болады, ол кезде жатыр иойны қынап кіреберісіне жетуі мүмкін.
- 2 апта бойы жатыр салмағы тез азаяды: босанудан кейін оның салмағы 1000 г құрайды, бірінші аптаның соңында жатыр салмағы - 500 г, екінші аптаның аяғында 325 г, үшінші аптада - 250 г, босанудан кейінші кезеңнің соңында - 50 г-ға тең, яғни алғашқы жүкті емес кезеңдегі қалпына келеді. Жатырдың салмағы оның бұлшықет талшықтарының босанудан кейінгі кезеңде тұрақты түрде тоникалық жиырылуына байланысты. Тамырлардың көбісі облитерацияға ұшырайды.

ИЗМЕНЕНИЕ МАТКИ ПОСЛЕ РОДОВ



ЖАТЫР МОЙНЫ





Рисунок: Шейка матки А - нерожавшей, Б - рожавшей женщины.

- Жатыр мойны инволюциясы денесіне қарағанда баяулау жүреді. Босанғаннан кейін 10-12 сағаттан соң ішкі ернеу жиырылып бастайды, диаметрі 5-6 см дейін кішірейді. Сыртқы ернеу бұлшықет қабырғасы жұқа болғандықтан өзгермейді. Осыған байланысты жатыр мойны каналы құйғыш тәрізді болады. бір тәуліктен кейін канал тарылады. 10-тәулікте ішкі ернеу жабылады. Сыртқы ернеудің түзілуі баяуырақ жүреді. Сондықтан жатыр мойны босанудан кейінгі кезеңнің 13-аптасының соңында өз қалпына келеді. Сыртқы ернеудің алғашқы пішіні босану кезіндегі созылу мен бүйір бөліктерінің жыртылуына байланысты қалыптаспайды. Жатыр ернеуі көлденең саңылау түрінде болады, жатыр мойны цилиндр пішініне ие болады.

- Жатырдың ішкі эпителизациясы 10-12 тәуліктің соңында аяқталады, ал плацентаның орны тек үшінші аптаның соңында жазылады.
- Жатыр қуысындағы децидуальды қабықшалардың қалдығы және қан ұйындылары протеолитикалық ферменттердің әсерінен босанғаннан кейінгі 4-10 тәулікте сылынып ериді.




ЖАТЫРДАН БӨЛІНЕТІН БӨЛІНІСТЕР

- Босанудан кейінгі 2-3 күн - қанды бөлініс
- 3-4 күннен 1-аптаның соңына дейін - серозды бөлініс
- 10-күннен 3 аптаға дейін - құрамында лейкоциттер басым ақшыл-сары түсті бөліністер
- 3- аптада жатыр мойны каналының кілегейі араласады, сілтілі реакциялы және арнамалы иісті болады.
- 5-6 аптада жатырлық бөліністер тоқтайды.


ЖАТЫР ТҮТІКТЕРІ

- Алғашқы екі аптада қанайналым азаяды, ісіктері қайтады, бұрынғы қалпына келеді.



АНАЛЫҚ БЕЗДЕРІ

- Жүктілік кезінде аздап ұлғайған аналық бездері кішірейеді.



ҚЫНАП

- Алғаш босанушыларда қынап бұрынғы қалпына келмейді, ол кеңдеу күйінде қалады.
- Босанудан кейінгі кезеңнің алғашқы аптасында қынаптың көлемі қысқарады. Оның қабырғаларының ісінуі, қызаруы, сызаттары жойылады.
- Қыздық пердеден емізікше тәрізді түзілістер қалады.

ЖАТЫР БАЙЛАМДАРЫ

- Босанғаннан кейінгі үшінші аптаның соңында жатыр байламдары өз қалпына келеді.



АРАЛЫҚ

- Аралықтың бұлшықеттері жарақаттанбаған болса, алғашқы күннен кейін бастап өз қызметін қалыптастыра бастайды да, босанудан кейінгі кезеңнің 10-12 күндері өзінің қалыпты тонусына келеді.



ІШ ҚАБЫРҒАСЫ

- Іш қабырғасы алдыңғы іш қабырғасының бұлшықеттерінің шамадан тыс созылуынан ұзақ уақыт бойы әлсіреген күйде болуы мүмкін. Бұлшықеттердің ажырауы, әсіресе, қайталап босануларда өмір бойы сақталуы мүмкін.



СҮТ БЕЗДЕРІ

- Босанғаннан кейінгі сүт безінің альвеолярлы жасушалары пролактиннің әсерінен алдымен уыз, содан кейін сүт өндіріледі.




УЫЗ

- 2-3 күн бойы сүт безінің секреті уыз болып табылады.
- Уыз - емшек ұшын қысқан кезде пайда болатын қою сұйықтық.
- Құрамы: уыз денешіктері, сүт дөңгелектері мен лейкоциттер кіреді. Сондай-ақ нәруыздар, май және қажетті май қышқылдары, фосфолипидтер, холестерин, дәрумендер, гормондар, минералды заттар т.б. бар.

ЕМШЕК СҮТІ


- Босанғаннан кейін 2-3-күндері сүт пайда бола бастайды, сәби үшін ең қажетті қоректік тамақ сүт-ақ сұйықтық, реакциясы сілтілік.



Изменение формы груди в период завершения лактации



Резкое отлучение
Перетягивание груди
Неиспользование поддерживающего белья
Отсутствие гимнастических упражнений
Резкое изменение веса



Долгое кормление грудью
Естественное, мягкое отлучение
Использование поддерживающего белья
Отсутствие частых сцеживаний
Правильное прикладывание малыша
Гимнастика, уход за грудью

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР ЖҮЙЕСІ

Іінгі кезеңде АҚК төмендеуі қан жоғалтудан 2-2,5 есе жоғары, босанудан кейін құрсақ іш қуысы мүшелерінде қанның жиналуына байланысты. Одан тахикардия, жүректің айдау көлемінің жоғарылауы АҚ 5-6% транзиторлы жоғары кейін айналымдағы сарысу көлемі, айналымдағы эритроциттер көлемі және айналым, мендейді.

- Босанудан кейін алғашқы 2 апта бойы гиперкоагуляция сақталады.
- Ол тромбозбен байланысты асқынуларды, әсіресе оперативті босанудан кейін қоздыруы мүмкін.




ЗӘР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІ

- Босанғаннан кейін бірден қуықтың гипотониясы байқалады, оны ұзақ босану, ірі ұрықтың болуы да асқындырады.
- Жүктілік кезінде көбейген түйінді фильтрация, эндогенді креатин клиренсі босанғаннан кейін 8-аптада қалпына келеді.
- Бүйректік қан айналым босанғаннан кейінгі кезеңде азаяды. Оның қалыпты деңгейі орташа босанғаннан кейінгі 5-6-аптада қалыпқа келе бастайды.

АСҚОРЫТУ МҮШЕЛЕРІ

- Босанғаннан кейінгі кезеңде асқазан-ішек жолының біріңғай салалы бұлшықеттерінің атониясының салдарынан іш қату байқалуы мүмкін.
- Жиі (80% әйелдерде) босанудан кейін геморроидальды түйіндер пайда болады.



БОСАНУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДІ ЖҮРГІЗУ

- Босанудан кейінгі кезеңді жүргізудің негізгі мақсаты-ана мен сәбидің септикалық ауруларының алдын алу.
- Босану жолдарына, емшек ұшына инфекцияның енуі қауіпті.



БОСАНУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДІ ЖҮРГІЗУДІ БАҚЫЛАУ

- Жалпы жағдайы
- Гемодинамикалық көрсеткіштер
- Дене қызуы
- Сүт бездерінің жағдайы
- Жатыр жиырылуы
- Жатырдан бөліністер
- Физиологиялық бөліністер

БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ӘЙЕЛДІҢ КҮЙ-ЖАҒДАЙЫ

- Қалыпты жағдайда босанған әйел ұйқышыл, шаршағыш келеді. Дене қызуы 36,6 С. Жатырдың жиырылуына байланысты ауыртпалы толғақ байқалады, әсіресе сәбиді емізген кезде.




БОСАНУДАН КЕЙІНГІ КОНТРАЦЕПЦИЯ

Лактация кезінде овуляция және жүктілік болмайды. Бірақ 5% әйелдерде лактацияға қарамай, 6 аптадан кейін ұрық жұмыртқасы пісіп, жүктілік пайда болуы мүмкін.

Босанудан кейінгі 6 аптадан соң контрацепцияны қолданған жөн.

Барлық барьерлі контрацепция түрлерін және оральдық гестагенді препараттарды қолдануға болады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!

